

2026. 13 (1)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2026
© Авторлар ұжымы, 2026

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Мунинов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026
© Коллектив авторов, 2026

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ian W. Campbell — PhD, Professor at the University of California (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Tomohiko Uyama — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Burkhanov Bimurad Badritdinovich — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 13. Is. 1, pp. 155-168, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_1_155-168

AUL BAIS: THE POLICY OF CONFISCATION AND DEPORTATION CONDUCTED IN THE BULAEV DISTRICT

Saule Z. Malikova¹, Akhmet Tashagil², Amangul M. Issakayeva^{3*}

¹North Kazakhstan State Archive of the Department of Culture, Language Development and Archival Affairs of the Akimat of North Kazakhstan Region
(1, Internatsionalnaya Str., 150000 Petropavl, Kazakhstan)

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

 <https://orcid.org/0000-0002-4777-0649>. E-mail: malikova_saule@mail.ru

²Yeditepe University
(Istanbul, Turkey)

PhD, Professor

 <https://orcid.org/0000-0002-1435-8877>. E-mail: atasagil@hotmail.com

³Kostanay Regional University named after A. Baitursynuly
(86, Pushkin Str., 110000 Kostanay, Kazakhstan)

Doctoral student

 <https://orcid.org/0009-0000-0722-9893>. E-mail: isakaevaiko@mail.ru

*Corresponding author

© Valihanov IHE, 2026

© Malikova S.Z., Tashagil A., Issakayeva A.M., 2026

Abstract. *Introduction.* The article is devoted to a comprehensive study of the policy of confiscation and repression against Kazakh bais carried out in the 1920s–1930s in the North Kazakhstan region, specifically in the territory of Bulayev District and the village of Pervomayskoye. *Goals and objectives.* On the basis of archival sources, the socio-economic status of regional bais, the practical implementation of repressive measures such as confiscation of livestock and property, deportation, increased taxation, deprivation of voting rights, exile to labor camps, and executions; to reveal the historical preconditions of the confiscation campaign; to characterize the socio-economic profile of regional bais; and to identify the impact of repression on the fate of families and subsequent generations. The study clarifies the legal, political, and economic foundations of the Soviet policy aimed at eliminating the bais as a social class. *Results.* The socio-economic characteristics of the bais, including their involvement in livestock breeding, agriculture, and the use of hired labor, are examined, and their authority and influence within rural communities are identified. As a result of confiscation and deportation policies, bai families experienced complete social collapse; the traditional economic system was destroyed, the family institution weakened, and intergenerational continuity was disrupted. Archival evidence shows that children’s access to education was restricted and family members were relocated to different regions, clearly demonstrating the demographic and social consequences of repression. *Conclusion.* The study also examines renewed persecution and

political accusations during the period of the “Great Terror” of 1937–1938, as well as the process of official rehabilitation carried out in the late twentieth century. Although rehabilitation officially confirmed the illegality of Soviet repression, it failed to fully compensate for the social, moral, and material losses incurred. The research is significant for restoring historical justice and for shaping regional and national historical consciousness. The fate of the bais of Bulayev District and the village of Pervomayskoye, as an integral part of the nationwide history of political repression, provides an opportunity to comprehensively reveal the socio-economic and demographic consequences of Soviet repressive policies.

Keywords: Confiscation, repression, bais, Bulaev District, Pervomay village, forced resettlement, special camp, commandant’s office, collectivization, demography

Acknowledgments. the article was funded by the Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan by grant project on AR 26104469 “Bai in Northern Kazakhstan: their place in society, their potential and confiscation of farms”.

For citation: Malikova S.Z., Tashagil A., Isakayeva A.M. Aul bais: the policy of confiscation and deportation conducted in the Bulaev district // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 1. Pp. 155-168. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_155-168

АУЫЛ БАЙЛАРЫ: БУЛАЕВ АУДАНЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ЖЕР АУДАРУ САЯСАТЫ

Маликова Сауле Зейнуллинова¹, Ахмет Ташағыл², Исакаева Амангул Мұратқызы^{3*}

¹Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві

(1-үй, Интернациональная көш., 150000 Петропавл, Қазақстан)

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

 <https://orcid.org/0000-0002-4777-0649>. E-mail: malikova_saule@mail.ru

²Едитепе университеті

(Стамбул, Түркия)

Доктор, профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-1435-8877>. E-mail: atasagil@hotmail.com

³А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай Өңірлік университеті

(86-үй, Пушкин көш., 110000 Қостанай, Қазақстан)

Докторант

 <https://orcid.org/0009-0000-0722-9893>. E-mail: isakaevaiko@mail.ru

*Корреспондент автор

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Маликова С.З., Ташағыл А., Исакаева А.М., 2026

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақала ХХ ғасырдың 20–30 жылдарында Солтүстік Қазақстан өңірінде, атап айтқанда Булаев ауданы, Первомай ауылы аумағында жүргізілген қазақ байларын тәркілеу және қуғын-сүргін саясатын кешенді түрде зерттеуге арналған. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – архивтік деректерге сүйене отырып, аймақ байларының әлеуметтік-экономикалық жағдайын, мал-мүлік тәркілеу, жер аудару, күшейтілген салық салу, сайлау құқығынан айыру, лагерьлерге жіберу және ату жазасы сияқты репрессиялық шаралардың нақты іске асу барысын талдау, тәркілеу науқанының тарихи алғышарттарын ашу, аймақ байларының әлеуметтік-экономикалық сипатын көрсету, қуғын-сүргіннің отбасы мен ұрпақ тағдырына тигізген әсерін айқындау. Зерттеу барысында кеңестік биліктің байларды тап ретінде жою саясатының құқықтық, саяси және экономикалық негіздері айқындалды. *Нәтижелер.* Байлардың мал шаруашылығы, егіншілік, жалшы еңбегін пайдалану сияқты

әлеуметтік-экономикалық сипаттары қарастырылып, олардың ауылдық қауымдастықтағы беделі мен ықпалы анықталды. Тәркілеу және жер аудару саясатының нәтижесінде бай отбасылары толық әлеуметтік күйреуге ұшырап, дәстүрлі шаруашылық жүйесі бұзылды, отбасы институты әлсіреді және ұрпақ сабақтастығы үзіліп қалды. Архив деректері бойынша, балалардың білім алу мүмкіндігі шектеліп, отбасы мүшелері әртүрлі аймақтарға көшірілген, бұл репрессияның демографиялық және әлеуметтік салдарын айқын көрсетті. *Қорытынды.* Зерттеуде 1937–1938 жылдардағы «Үлкен террор» кезеңіндегі қайта қудалау мен саяси айыптаулар, сондай-ақ XX ғасырдың соңында жүзеге асқан ресми ақтау үдерісі қарастырылған. Ақтау кеңестік репрессиялардың заңсыз екенін ресми түрде дәлелдегенімен, әлеуметтік, моральдық және материалдық шығындарды толық өтей алмады. Жұмыс тарихи әділеттілікті қалпына келтіру, аймақтық және ұлттық тарихи сананы қалыптастыру тұрғысынан маңызды. Булаев ауданы, Первомай ауылы байларының тағдыры жалпыұлттық қуғын-сүргін тарихының маңызды бөлігі ретінде кеңестік репрессиялардың әлеуметтік-экономикалық және демографиялық әсерін көрсетуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Тәркілеу, қуғын-сүргін, байлар, Булаев ауданы, Первомай ауылы, күштеп жер аудару, арнайы лагерь, комендатура, ұжымдастыру, демография

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Солтүстік Қазақстандағы байлар: қоғамдағы орны, әлеуеті мен шаруашылықтарының тәркілеуге ұшырауы» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (тіркеу нөмірі АР 26104469).

Дәйексөз үшін: Маликова С.З., Ташағыл А., Исакаева А.М. Ауыл байлары: Булаев ауданында жүргізілген тәркілеу және жер аудару саясаты // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. 155-168 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_155-168

АУЛЬНЫЕ БАИ: ПОЛИТИКА КОНФИСКАЦИИ И ВЫСЕЛЕНИЕ ПРОВЕДЕННАЯ В БУЛАЕВСКОМ РАЙОНЕ

Маликова Сауле Зейнуллиновна¹, Ахмет Ташағыл², Исакаева Амангул Муратовна^{3}*

¹Северо-Казахстанский государственный архив Управления культуры, развития языков и архивного дела акимата Северо-Казахстанской области

(д. 1, ул. Интернациональная, 150000, Петропавловск, Казахстан)

Кандидат исторических наук, доцент

 <https://orcid.org/0000-0002-4777-0649>. E-mail: malikova_saule@mail.ru

²УниверситетЕдитепе

(Стамбул, Турция)

Доктор, профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-1435-8877>. E-mail: atasagil@hotmail.com

³Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынулы

(д. 86, ул. Пушкина, 110000, Костанай, Казахстан)

Докторант

 <https://orcid.org/0009-0000-0722-9893>. E-mail: isakaevaiko@mail.ru

*Автор-корреспондент

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Маликова С.З., Ташағыл А., Исакаева А.М., 2026

Аннотация. *Введение.* Статья посвящена комплексному исследованию политики конфискации имущества и репрессий в отношении казахских баев, проводившейся в 1920–1930-е годы XX века в Северо-Казахстанском регионе, в частности на территории Булаевского района и села Первомайское. *Цель и задачи исследования* – заключаются в

анализе, на основе архивных источников, социально-экономического положения региональных баев, конкретных механизмов реализации репрессивных мер – конфискации скота и имущества, высылки, усиленного налогообложения, лишения избирательных прав, направления в лагеря и применения смертной казни, а также в раскрытии исторических предпосылок конфискационной кампании, характеристике социально-экономического облика баев региона и выявлении влияния репрессий на судьбы семей и последующих поколений. В ходе исследования были определены правовые, политические и экономические основы политики советской власти, направленной на ликвидацию баев как социального слоя.

Результаты. Рассмотрены социально-экономические характеристики баев, включая их деятельность в сфере скотоводства, земледелия и использования наемного труда, а также выявлены их авторитет и влияние в сельских сообществах. В результате политики конфискации и высылки байские семьи подверглись полной социальной деградации, была разрушена традиционная система хозяйствования, ослаблен институт семьи и прервалась преемственность поколений. Архивные данные свидетельствуют об ограничении возможностей получения образования детьми, переселении членов семей в различные регионы, что наглядно отражает демографические и социальные последствия репрессий.

Заключение. В исследовании также рассматриваются повторные преследования и политические обвинения в период «Большого террора» 1937–1938 годов, а также процесс официальной реабилитации, осуществлявшийся в конце XX века. Несмотря на то что реабилитация на государственном уровне подтвердила незаконность советских репрессий, она не смогла в полной мере компенсировать социальные, моральные и материальные потери. Работа имеет важное значение для восстановления исторической справедливости, формирования регионального и национального исторического сознания. Судьбы баев Булаевского района и села Первомайское, как неотъемлемая часть общенациональной истории политических репрессий, позволяют всесторонне раскрыть социально-экономические и демографические последствия советской репрессивной политики.

Ключевые слова: Конфискация, репрессии, бай, Булаевский район, село Первомай, принудительное переселение, спецлагерь, комендатура, коллективизация, демография

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации гранта Министерства высшего образования и науки РК на тему: «Бай в Северном Казахстане: место в обществе, их потенциал и конфискация хозяйств» (Регистрационный номер АР 26104469).

Для цитирования: Маликова С.З., Ташагыл А., Исакаева А.М. Аульные бай: политика конфискации и выселение проведенная в Булаевском районе // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. С. 155-168. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_155-168

Кіріспе

XX ғасырдың 20–30 жылдары Қазақстан тарихында әлеуметтік-экономикалық және демографиялық апаттармен ерекшеленетін ең күрделі кезеңдердің бірі болып табылады. Кеңестік биліктің ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құруға бағытталған саясаты, әсіресе байлар мен ауқатты шаруаларды тап ретінде жоюға негізделген шаралар қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік құрылымын түбегейлі өзгеріске ұшыратты. Аталған саясаттың ең радикалды әрі қайшылықты көріністерінің бірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу және оларды тұрғылықты мекендерінен күштеп көшіру науқаны болды. Еліміздің экономика саласында және қоғамдық саяси өмірінде жаппай салтанат құрған «қысым көрсету» саясаты ұзық уақыт бойы ешкімнің көзін аштырмады. Бұл саясаттың, әсіресе, ауыл шаруашылығы саласындағы зардаптары айырықша ауыр болды (Тәтімов, Әлиев, 1999: 187).

1928 жылдан бастап жүзеге асырылған тәркілеу шаралары Қазақстанның барлық өңірлерін қамтыды. Солтүстік Қазақстан аймағы, оның ішінде қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданына қарасты Первомай ауылы да бұл үдерістен тыс қалған жоқ. Кеңестік билік өкілдерінің түсінігінде байлар «әлеуметтік қауіпті элемент» ретінде бағаланып, оларға қарсы саяси, экономикалық және құқықтық қысым жүйелі түрде жүргізілді. Бұл қысым

тек мүлікті тәркілеумен шектелмей, жер аудару, арнайы қоныстар мен лагерьлерге жіберу сияқты жазалау шараларымен толықтырылды (Conquest, 1986: 20).

Осы кезеңдегі репрессиялық саясаттың нақты көріністерінің бірі ретінде 1930 жылғы 4 мамырда Қазрайкомның Петропавл округтік партия ұйымына жолдаған телеграммасын атауға болады. Құжатта жер аударылған кулактарды лагерьлерге орналастыру тәртібі айқындалып, бай-кулактардың 5 жыл мерзімге сотталғаны және оларды Қазақстанның ішкі аймақтарына көшіру қажеттігі көрсетілді. Кейіннен лагерьлік жүйені ұйымдастыруға байланысты директивалар қайта қаралып, 3 жылдан астам мерзімге сотталғандар лагерьлерге жіберілсе, 3 жылдан кем мерзімге сотталғандар округтің ішкі аудандарында мәжбүрлі еңбекке тартылатын болды. Осылайша, аталған санаттағы адамдар жеке бас бостандығынан айырылып, кеңестік жазалау жүйесінің нысанына айналды (СҚМА. 5-қ., 1-т., 756-іс, 59 п.).

Жалпы алғанда, бұл әкімшілік-шаруашылық және саяси шешімдердің артында тұтас бір ұрпақтың тағдырына әсер еткен әлеуметтік трагедия жатты. Ұжымдастыру мен тәркілеу науқандары барысында заңдылық пен еріктілік қағидаттары өрескел бұзылып, колхозға кіруден бас тартқан шаруалар «халық жауы» ретінде жарияланды. Оларға сайлау құқығынан айыру, мүлкін тәркілеу, жер аудару, лагерьлерге жіберу, ал кейбір жағдайларда сотсыз және тергеусіз ату сияқты аса қатал репрессиялық шаралар қолданылды (М. Жұмабаев атындағы АА. 3-қ., 1-т., 49-іс, 2-8 п.).

Материалдар мен тәсілдер

Мақаланы жазу барысында тарихи зерттеудің дәстүрлі ғылыми әдістері, концептуалды баяндау әдістері кеңінен қолданылды. Зерттеудің деректік негізін ХХ ғасырдың 20–30-жылдарындағы ауыл байларын тәркілеу және жер аудару саясатына қатысты архивтік және жарияланған материалдар құрайды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Орталық және өңірлік архив қорларындағы құжаттар, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің материалдары, сондай-ақ Булаев ауданына қатысты партиялық-кеңестік органдардың қаулылары, нұсқаулары, есептері мен хаттамалары М. Жұмабаев атындағы аудандық архивінің, Солтүстік Қазақстан облысының Департамент полициясының архив қорларындағы құжаттар пайдаланылды.

Сонымен қатар, зерттеу барысында сол кезеңдегі ресми статистикалық мәліметтер, халық санағы материалдары, тәркілеуге ұшыраған шаруашылықтардың тізімдері, жер аударылған адамдар туралы деректер қарастырылды. Тақырыпты ашуда замандас куәгерлердің естеліктері, кейінгі жылдары жарық көрген тарихи еңбектер мен ғылыми мақалалар қосымша дереккөз ретінде қолданылды.

Зерттеудің әдістемелік негізін тарихи-талдамалық, салыстырмалы және жүйелеу әдістері құрады. Тарихи-талдамалық әдіс арқылы Булаев ауданында жүргізілген тәркілеу және жер аудару саясатының себептері мен салдары қарастырылды. Салыстырмалы әдіс аталған ауданның тәжірибесін басқа өңірлердегі ұқсас үрдістермен салыстыра отырып талдауға мүмкіндік берді. Ал деректерді жүйелеу мен жинақтау әдісі архив материалдарын тақырыптық тұрғыда топтастырып, негізгі тұжырымдар жасауға негіз болды. Осы әдістердің жиынтығы Булаев ауданындағы ауыл байларын тәркілеу және жер аудару саясатының ерекшеліктерін кешенді түрде зерделеуге, оның жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына тигізген ықпалын объективті бағалауға мүмкіндік берді.

ХХ ғасырдың 20–30 жылдарындағы Солтүстік Қазақстан өңірінде, нақтырақ айтқанда Булаев ауданының Первомай ауылы аумағында тәркілеуге ұшыраған байлардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, олардың тағдырын және кеңестік қуғын-сүргін саясатының салдарын архивтік деректер негізінде жан-жақты талдау, сондай-ақ бұл саяси және әкімшілік шаралардың аудандағы әлеуметтік құрылымға, отбасының тұрмыс жағдайына, еңбек тәжірибесі мен күнделікті тіршілікке тигізген нақты әсерін анықтау болып табылады. Зерттеу барысында тарихи құжаттар, жеке істер, тізімдер мен коменданттық лагерь ережелері талданып, сол кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық үрдістер мен репрессиялық саясат механизмдері жан-жақты қарастырылады.

Талқылау

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Қазақстан ауылдарында жүргізілген әлеуметтік саясат таптық принципке негізделді. Байлар мен ауқатты шаруалар кеңестік идеология тұрғысынан «еңбекші халықты қанаушылар», «контрреволюциялық элементтер» ретінде бағаланды. Осыған байланысты оларды қоғамдық-саяси өмірден шеттету және экономикалық негізінен айыру негізгі мақсатқа айналды (Ақталған есімдер, 2008: 44).

1928 жылғы 27 тамызда қабылданған «Ірі бай шаруашылықтарын тәркілеу және жер аудару туралы» декрет Қазақстандағы байларды жаппай қудалаудың құқықтық негізін қалады. Бұл құжатқа сәйкес мал-мүлкі мол, жалшы ұстаған, ауылда ықпалы бар тұлғалар тәркілеуге жатқызылды. Байлардың мал-мүлкі колхоздар мен совхоздарға өткізілді, ал өздері отбасымен бірге басқа аймақтарға жер аударылды немесе лагерьлерге жіберілді (СҚМА. 5-к., 1-т., 8-іс, 61-62-пп.).

1929–1932 жылдары басталған жаппай ұжымдастыру науқаны тәркілеумен тығыз байланыста жүзеге асырылды. Ұжымдастыруға қарсылық білдірген байлар «кеңес өкіметіне қарсы әрекет етушілер» ретінде қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Оларға сайлау құқығынан айыру, салық қысымын күшейту, астық және мал тапсыру міндеттемелерін орындамағаны үшін соттау сияқты шаралар қолданылды (СҚМА. 5-к., 1-т., 15-іс, 123-124-пп.).

Солтүстік Қазақстан өңірінде бұл саясат ерекше қатаң сипат алды. Қазақ даласын сілкінткен бұл нәубет Омбы, Көкше мен Қызылжар жерін айналып өтпеді (Жұматай, 2025). Аймақтың мал шаруашылығына бейімділігі бай шаруашылықтарының көп болуына әсер етті. Сондықтан Булаев ауданы аумағында байларды анықтау, тәркілеу және жер аудару үдерісі жүйелі түрде жүргізілді. Архивтік хаттамаларда байлардың мал саны, жер көлемі, жалшы ұстауы, саяси мінездемесі егжей-тегжейлі тіркеліп отырған.

Солтүстік Қазақстандағы тәркілеу саясатының басты ерекшелігі – оның ауыл ішіндегі әлеуметтік қатынастарды түбегейлі өзгертуінде болды. Байлар тек экономикалық күш ретінде ғана емес, ауылдық қауымдастықтағы беделді тұлғалар ретінде де жойылды. Көп жағдайда байлардың діни қызмет атқаруы, саудамен айналысуы немесе ауыл ішіндегі басқару құрылымдарында болуы оларды қосымша «қауіпті элемент» ретінде көрсетуге негіз болды (СҚМА. 5-к., 1-т., 155-іс, 187-200 бб.).

Булаев ауданының Первомай ауылы байлары туралы архив деректері олардың мал санының көптігімен қатар, ауыл шаруашылығына қажетті құрал-саймандарға ие болғанын, жалдамалар еңбегін пайдаланғанын көрсетеді. Кеңес билігі осы факторларды «қанаудың дәлелі» ретінде бағалап, тәркілеу тізіміне енгізген.

Сонымен қатар, байларға тағылған айыптардың басым бөлігі саяси сипатта болды. Олар ұжымдастыруға қарсы үгіт жүргізді, астық тапсырмады, колхоз мүлкін ұрлады деген айыптармен жауапқа тартылды. Бұл жағдайлар кеңестік репрессиялық аппараттың ауылдық ортада қалай жұмыс істегенін айқын көрсетеді (СҚМА. 195-к., 4-т., 102-іс, 27-53 бб.).

XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Булаев ауданы, Первомай ауылы аумағында өмір сүрген байлар әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан бірнеше топқа бөлінеді. Архивтік құжаттарда олардың негізгі байлық көзі ретінде мал шаруашылығы, егіншілік және жалшы еңбегін пайдалану көрсетіледі (История Казахстана, 1991: 20). Байлардың көпшілігі дәстүрлі қазақ шаруашылығын сақтай отырып, нарықтық қатынастарға да бейімделген.

Мәселен, Ақылбеков Зағыпар революцияға дейін 50 жылқы, 15 сиыр, 10 өгіз және 40 бас ұсақ мал ұстап, тұрақты және маусымдық жалшыларды пайдаланған. Бұл оның орташа деңгейден жоғары экономикалық қуаты бар бай шаруашылық иесі болғанын көрсетеді. 1929 жылдан бастап сайлау құқығынан айырылып, 1931 жылы колхозға мәжбүрлі түрде кіргізілуі кеңес билігінің қысым тетіктерін айқын аңғартады (Козыбаев, др., 1992: 39). Ақылбековтің астық тапсырмағаны, мүліктік міндеттемелерді орындамағаны үшін жер аударуға жатқызылуы байларға қарсы қолданылған әкімшілік жазалау әдістерінің кең таралғанын дәлелдейді (М. Жұмабаев ат. АА. 59-к., 1-т., 5-іс, 25 б.).

Ахметов Мәди мен Мәдиев Ғалымжан да Первомай ауылының ауқатты байлары санатына жатқызылған. Олардың шаруашылығында революцияға дейін 30-ға жуық жылқы, 20 сиыр, өгіздер мен ұсақ мал болған, бірнеше жалшы ұстаған (Жұматай, 2025: 6). Кеңес үкіметі орнағаннан кейін де экономикалық әлеуетін сақтап қалғаны үшін олар «еңбекшілерді қанаушылар» ретінде сипатталып, 1931 жылы аудан аумағынан жер аудару туралы шешім шығарылған. Мәди Ахметовтің Омбы облысына қашып барып, ұзақ жылдар бойы сол жерде өмір сүруі байлардың қуғын-сүргіннен құтылу жолдарын іздегенін көрсетеді (М. Жұмабаев ат. АА. 59-қ., 1-т., 6-іс, 6 б.).

Архив деректерінде ерекше топ ретінде бай-моллалар көрсетіледі. Олардың қатарында Ахметов Сәду бар. Ол мал-мүлкі жағынан ірі байлармен салыстырғанда орташа деңгейде болғанымен, діни қызмет атқаруы және кеңестік саяси науқандарға қарсылық танытуы себепті «әлеуметтік қауіпті элемент» ретінде есепке алынған (Конквест, 1990: 98). Құжаттардағы мал саны жөніндегі қайшылықты деректер (бірде 1 жылқы, 1 сиыр деп, бірде ондаған мал көрсетілуі) кеңестік есеп жүргізудің субъективтілігін және айыптау бағытына тәуелді болғанын көрсетеді (М. Жұмабаев атындағы АА. 59-қ., 1-т., 7-іс, 54-б.).

Первомай ауылындағы ең ірі байлардың бірі – Байғожин (Жанғожин) Нұрпейіс. Оның революцияға дейін 100 жылқы, 40 сиыр, 15 өгіз, ондаған қой-ешкісі болған. Сонымен қатар, бірнеше жалшы ұстауы, әкесінің қажылыққа баруы және ұжымдастыруға қарсы әрекеттері Нұрпейісті кеңестік билік үшін аса қауіпті тұлға ретінде көрсеткен (Қазақстан тарихы, 1993: 76). 1931 жылы мал-мүлкі тәркіленіп, жер аударылғанымен, 1937 жылы қайта тұтқындалып, РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10 бабы бойынша ату жазасына кесілді. Тек 1989 жылы ақталуы кеңестік репрессияның әділетсіздігін айғақтайды (М. Жұмабаев ат. АА. 59-қ., 1-т., 8-іс, 25-б.).

Осы қатарда Байшығұлов Құлжабай да бар. Ол болыстық қызмет атқарып, ауыл ішінде саяси ықпалы бар тұлға болған. Кеңес өкіметінің саяси және экономикалық науқандарына қарсылық көрсеткені үшін бірнеше рет сотталып, 1937 жылы НКВД тарапынан тұтқындалып, ату жазасына кесілген. 1989 жылы ісінің қысқартылуы – репрессия құрбандарының кейінгі ақталу үдерісінің бір көрінісі (М. Жұмабаев ат. АА. 59-қ., 1-т., 9-іс, 23-б.).

Бейсенов Мұса мен ұлы Нәсиппулла Кәкенұлы сауда байланыстары арқылы ерекшеленген байлар қатарына жатады. Мәскеумен сауда қатынасының болуы, мал санының күрт артуы кеңестік билік тарапынан «алыпсатарлық» және «социалистік құрылысқа қарсы әрекет» ретінде бағаланған. Нәтижесінде олар Александров концлагеріне жіберілген. Архивтік деректеріне сәйкес, Александровка комендантына келген хаттамада, әкімшілік тәртіппен жер аударылған Бейсенов Мұса өз өтініші арқылы жер аударудан босатуды сұрағанымен, бұл өтініш қанағаттандырылмаған. Қабылданған шешімнің негізі ретінде 1931 жылғы 28 қыркүйектегі №6 хаттамадағы комиссия қаулысы көрсетілген (Қазақстандағы ашаршылық, 2021: 95). Осылайша, Бейсенов Мұса Александровкадағы арнайы лагерьде қатаң бақылауда қалды, қатаң еңбек тәртібі мен коменданттық ережелерге бағынуға міндеттелді. Кейін 1937 жылы Бейсенов Мұса ату жазасына кесілген. Бұл жағдай экономикалық белсенділік көрсеткен дәстүрлі байлардың кеңес жүйесінде өмір сүру мүмкіндігінен айырылғанын көрсетеді (М. Жұмабаев ат. АА. 59-қ., 1-т., 10-іс, 21-б.).

Данияров әулетінің тағдыры – тәркілеу мен қуғын-сүргіннің отбасылық сипат алғанын дәлелдейді. Данияров Мұқан, Нұрбай және олардың әкесі Құдайберген бір әулет ретінде «советтік құрылысқа қарсы» деп танылып, мал-мүлкінен айырылған. Нұрбай Данияровтың колхоз мүлкін алып қашты деген айыппен жер аударылуы, ал Құдайбергеннің мекенжайының белгісіз кетуі байлардың толық әлеуметтік окшаулануға ұшырағанын көрсетеді (М. Жұмабаев ат. АА. 59-қ., 1-т., 11-іс, 25 б.).

Жүнісов Ақберген де ірі мал иесі ретінде сайлау құқығынан айырылып, сотталған. Оның ұрпақтары туралы деректер бай әулеттерінің кейінгі ұрпақтары кеңестік қоғамда өмір сүруге мәжбүр болғанын аңғартады. Жақыпов Жармағамбай мен Жарғақов Аязбай – ауыл ішіндегі ықпалы күшті, саяси белсенді байлар қатарына жатады (Қозыбаев, 1992: 29). Олардың кеңестік науқандарға қарсылық көрсетуі, бұрынғы болыстық, ақ гвардиямен байланысы және сауда-

саттықпен айналысуы кеңестік репрессиялық аппараттың басты нысанасына айналдырды. Екеуі де сотталып, бірі кейін ақталса, екіншісі өмірінің соңына дейін жер аударуда болған (М. Жұмабаев ат. АА. 59-қ., 1-т., 12-іс, 21 б.).

Булаев ауданы аумағында жүргізілген тәркілеу және қуғын-сүргін саясаты аясында бай Ибраев Ысқақ пен онымен байланысы бар тұлғаларға қатысты архивтік материалдар ерекше назар аудартады. Құжаттарда Ибраев Ысқақтың 1896 жылы туғаны, дәстүрлі қазақ қоғамындағы бай-атқамінерлер қатарына жатқызылғаны көрсетіледі. Оның шаруашылығы ірі көлемімен сипатталған: деректер бойынша, Ибраевтың иелігінде 70–80 жылқы, 15–25 жегін өгіз, 60–70 бас ірі қара және 50–60 қой-ешкі болған. Сонымен қатар, жалдамалы жұмыс күші – батрақтарды пайдалануы кеңестік билік тарапынан «қанаушы тап өкілі» деген айып тағуға негіз болған.

1928 жылы Ибраев Ысқақ сайлау құқығынан айырылып, 1931 жылы бай ретінде тәркілеуге ұшыраған. Архив материалдарына сәйкес, ол кулактарға арналған арнайы қонысқа жер аударылғанымен, кейіннен Сібір өлкесіне қашып кеткен. Құжаттарда оның кейінгі кезеңде «Үшқызыл» колхозының аумағында тұрып, кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізгені айтылады (Мемлекеттік комиссияның материалдары, 2023: 20). Бұл деректер кеңестік репрессиялық аппараттың бұрын тәркіленген байларды да тұрақты бақылауда ұстап, оларды саяси тұрғыдан қудалауды жалғастырғанын көрсетеді.

Ибраев Ысқақтың ісі жеке тұлғамен шектелмей, оның әлеуметтік байланыстарын да қамтыған. Архивтік деректерде Жұмабаев (Мусин Уразке) есімді тұлғаға қатысты мәліметтер келтіріледі. Ол 1890 жылы туған, революцияға дейін Жұмабаев Бекетпен бірге тұрған, кейін жеке өмір сүрген. Бай отбасынан шыққаны үшін 1928–1929 жылдары сайлау құқығынан айырылып, 1931 жылы он жыл мерзімге сотталған. Тергеу материалдарында оның Ибраев Ысқақтың «контрреволюциялық қызметіне» жәрдемдескені көрсетіледі (Нұрпейсов, 1995: 57). Бұл жағдай кеңестік биліктің байлармен тікелей немесе жанама байланысы бар тұлғаларды да қуғын-сүргінге тартқанын дәлелдейді. 1937 жылы тұтқындалып, 58-10 бабымен ату жазасына кесілген болатын, тек 1990 жылы ақталған.

Сонымен қатар, Дюсенов Сатыбалды (1904 жылы туған, колхоз төрағасы им. Стаханова) өзінің жауаптарында былай деп көрсеткен: Ибраев Ысқақ 1916–1917 жылдары ауыл старшинасы болған, Колчак билігі кезеңінде белсенді әрекеттер көрсетіп, оларға көмек жасаған. 1930–1935 жылдары ол контрреволюциялық үгіт-насихат жүргізген, Ескараев, Жұмабаев Мағжан, Сыздықов Хақим, молда Салықов және Мустафин Малғаждар сияқты тұлғалармен байланыста болған. Бұл мәліметтер кеңестік тергеу жүйесінде ұйымдасқан «антисоветтік топтың» белгісі ретінде бағаланған.

Осылайша, Ибраев Ысқаққа қатысты архивтік материалдар байларды қудалау саясатының көпқырлы сипатын айқын көрсетеді. Экономикалық белгілер (мал саны, жалшы еңбегін пайдалану) саяси айыптаулармен (антисоветтік үгіт, бұрынғы билік құрылымдарымен байланыс, азамат соғысы кезеңіндегі әрекеттер) ұштасып, байларды толық әлеуметтік және саяси оқшаулауға бағытталған. Бұл дерек Первомай ауылы аумағында жүргізілген тәркілеу және репрессия саясатының нақты механизмі мен мазмұнын ашып, кеңестік биліктің байларды тап ретінде жою стратегиясының жергілікті деңгейде қалай жүзеге асқанын көрсетуге мүмкіндік береді (СҚО ДП. 16-қ., 6906-іс, 25 б.).

XX ғасырдың 20–30 жылдарында байларды тәркілеу үдерісі кеңестік әкімшілік-бюрократиялық аппарат арқылы қатаң жүйеге түсірілді. Булаев ауданы, Первомай ауылы бойынша жүргізілген тәркілеу шаралары да осы жалпыодақтық саясаттың нақты көрінісі болды. Архивтік құжаттарда байларды анықтау барысында олардың мал саны, жалшы ұстауы, егін көлемі ғана емес, саяси мінездемесі, бұрынғы әлеуметтік мәртебесі және кеңестік науқандарға қатысу деңгейі де ескерілгені байқалады.

Байларды тәркілеу туралы шешімдер көбіне аудандық атқару комитеттері мен арнайы комиссиялар арқылы қабылданды. Хаттамаларда «әлеуметтік қауіпті элемент», «кеңес өкіметіне қарсы», «қанаушы тап өкілі» деген тұрақты айыптау формулалары қолданылған. Бұл

айыптаулардың көпшілігі нақты қылмыстық әрекетке емес, байдың әлеуметтік тегіне негізделгенін көрсетеді (Омарбеков, 1994: 25).

Мысалы, Ақылбеков Зағыпар, Данияров Нұрбай, Жарғақов Аязбай сынды байларға тағылған негізгі айыптардың қатарында астық тапсырмау, мүлік беру міндетін орындамау, ұжымдастыруға қарсы болу секілді әрекеттер көрсетілген. Бұл әрекеттер кеңестік құқықтық жүйеде «контрреволюциялық қылмыс» ретінде бағаланып, қатаң жазалауға негіз болды.

Байларды қоғамнан шеттетудің алғашқы кезеңдерінің бірі – сайлау құқығынан айыру болды. 1928–1930 жылдары Первомай ауылының көптеген байлары, соның ішінде Ақылбеков Зағыпар, Жүнісов Ақберген, Жақыпов Жармағамбай, Жарғақов Аязбай ресми түрде сайлау құқығынан айырылған. Бұл шара олардың ауылдық басқару жүйесіне қатысу мүмкіндігін толықтай жойды. Сонымен қатар, байларға салынған салық көлемі әдейі жоғары белгіленіп, астық және мал тапсыру міндеттері күшейтілді. Бұл экономикалық қысым байларды қасақана қарызға батырып, кейін «міндеттемелерін орындамағаны үшін» жазалауға сылтау ретінде пайдаланылды. Жарғақов Аязбайдың егістік көлемін азайтты деген айып тағылуы осы саясаттың нақты мысалы болып табылады (Панто, 2025: 56).

Архив деректерінде жиі кездесетін айыптардың бірі – колхоз мүлкін ұрлау. Данияров Нұрбай мен Ақылбеков Зағыпарға колхозға тиесілі малды және астықты алып қашты деген айып тағылған. Алайда бұл әрекеттерді байлардың жеке меншігін сақтап қалуға бағытталған амалдары ретінде де қарастыруға болады (М. Жұмабаев ат. АА. 59-к., 1-т., 13-іс, 5 б.).

Қуғын-сүргіннен қашу құбылысы кең таралды. Бірқатар байлар отбасымен бірге басқа аймақтарға көшіп кетуге мәжбүр болды. Ахметов Мәди мен Мәдиев Ғалымжанның Омбы облысына қашуы, Данияров Құдайбергеннің мекенжайының белгісіз болып кетуі осы жағдайды дәлелдейді. Бұл көші-кон үдерісі қазақ халқының дәстүрлі қоныстану жүйесіне де үлкен соққы болды.

Осылайша, аталған санаттағы адамдар жеке бас бостандығынан айырылып, кеңестік жазалау жүйесінің нысанына айналды (М. Жұмабаев ат. АА. 59-к., 1-т., 14-іс, 5 б.). Бұл саясат Булаев ауданы аумағында да нақты әкімшілік шешімдер арқылы іске асырылды. Атап айтқанда, 1931 жылғы 1 тамызда Булаев аудандық атқару комитетінің №29 қаулысына сәйкес бай-кулактарға арналған арнайы лагерь ұйымдастыру туралы шешім қабылданып, жер аудару орны ретінде Александровка және Георгиевка ауылдары бекітілді. Осыған байланысты Александровка және Георгиевка ауылдық кеңестерін таратылуы кеңестік биліктің жергілікті басқару құрылымдарын репрессиялық мақсатта қайта құруын айқын көрсетеді. Александровка және Георгиевка ауылының тұрғандарын басқа Скворцово және Бугровое ауылдарына аударған (М. Жұмабаев ат. АА. 59-к., 1-т., 15-іс, 25 б.).

Мұрағатта табылған тізімдер мен жеке істерге сүйенетін болсақ аудан бойынша тәркіленген отбасы саны 531, олардың ішінде 1000 адамға жеткен 200 отбасы Александровка арнайы лагеріне жер аударылған. Булаев аудандық атқару комитетінің 1931 жылғы 31 тамыз №29 шешімі бойынша жер аударылғандарға заңды түрде 27-баптан тұратын қатаң «Коменданттық лагерь ережелері» бекітілді. Ережеде Александровкадағы бай-кулактар үшін ұйымдастырылған коменданттық лагерьде орналасу және орналастыру, еңбекті ұйымдастыру, жұмысшы күшін пайдалану жүйесі және қаржылық бақылау.

Лагерьдің орналасу тәртібі:

Комендант алдымен барлық ғимараттарды және олардың орналастыру мүмкіндіктерін есепке алып, ғимараттарды сақтауды қамтамасыз етуі тиіс болды. Лагерь ғимараттары ауылдық кеңестен акт және опись арқылы қабылданды. Кулактардың орналастырылуы келесі қағидаларға негізделді: ғимараттар әр партия келген адамдар санына сәйкес бөлінді, кемінде 200 отбасыдан (шамамен 1000 адам) тұратын топтарды орналастыру қажет болды. Әр топқа старшина (ондық) тағайындалып, милиционерлердің патрульдік посттары арқылы ауылдарды күзету қамтамасыз етілді.

Еңбекке орналастыру және ұйымдастыру:

Барлық еңбекке қабілетті бай-кулактар есепке алынды және олар мамандықтары мен топтарға (15–25 адам) бөлінді. Совхоздар мен айналасындағы шаруашылықтар үшін жұмыс

күші қажеттілігі анықталып, әр топқа бригадирлер тағайындалды. Лагерьде балаларға арналған қызмет және жалпы пайдалануға арналған ғимараттар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, шеберханалар мен кустарлық жұмыстар жүргізілді.

Бай-кулактарды пайдалану жүйесі:

Бай-кулактар совхоздармен келісім бойынша дереу жұмысқа жіберілді. Оларға жұмыс көлемін орындау үшін қатаң, кейде адам төзгісіз еңбек нормалары қойылды, жұмыс уақытының сақталуы ескерілмеді. Жұмыс барысында бәсекелестік әдістері толық қолданылды, кулактар жеке бақылауға алынды, ал олардың табысының барлық сомасы коменданттың қарамағында болды.

Қаржылық бақылау: Лагерьге түскен қаржылар 25 %-ы комендатураны ұстауға, 25 %-ы жалпы қажеттіліктер мен мәдени шараларға, ал 50 %-ы жұмыс істеп жатқан бай-кулактардың қарамағында пайдаланылды. Есеп жүргізу арнайы есеп бөлімі арқылы жүзеге асырылды, ол үшін бай-кулактардың өздерінен мамандар тартылды.

Осы ережелердің мазмұны коменданттық лагерьдің қаталдығын және репрессивті сипатын айқын көрсетеді. Бай-кулактар тек жеке бостандығынан айырылып қана қоймай, еңбекке мәжбүрленіп, табысы мен күнделікті тіршілігі толық бақылауға алынған еді. Бұл ережелер кеңестік биліктің тәркілеу және жер аудару саясатының бір бөлігі ретінде, әлеуметтік топтарды қуғын-сүргін арқылы жүйелі түрде бақылауға алғанын дәлелдейді. Аталған құжаттар қазіргі М. Жұмабаев ауданының мұрағат қорларында сақталған.

Тәркіленген байлардың елеулі бөлігі жер аударуға жіберілді. Архив құжаттарында Булаев ауданынан Омбы облысына, Называй ауданына, сондай-ақ лагерьлерге жөнелтілген адамдар туралы мәліметтер кездеседі. Бейсенов Мұсаның Александров концлагеріне жіберілуі – байларға қатысты репрессиялық саясаттың шектен шыққанын көрсетеді.

Жер аудару көбіне бүкіл отбасымен бірге жүзеге асырылды. Бұл бай отбасыларының әлеуметтік және демографиялық күйреуіне әкелді. Балалардың білім алу мүмкіндігі шектеліп, тұрмыс жағдайы күрт нашарлады. Архивтік мәліметтерде көптеген бай отбасыларында 14 жасқа толмаған балалардың көп болғаны көрсетіледі, бұл репрессияның адамгершілік тұрғыдан ауыр салдарын айқындайды.

1937–1938 жылдары кеңестік репрессияның жаңа кезеңі басталып, бұрын тәркіленіп, жер аударылған байлардың едәуір бөлігі қайтадан тұтқындалды. Байғожин Нұрпейіс, Байшығұлов Құлжабай, Бейсенов Мұса, Жақыпов Жармағамбай сияқты тұлғалар осы кезеңде РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабы бойынша айыпталып, ең ауыр жазаға кесілді.

Бұл кезеңдегі айыптаулардың мазмұны бұрынғыдан да саясиленген сипат алды. Байлардың өткен өмірі, туыстық байланыстары, діни қызметі, тіпті әулеттік беделі қылмыс ретінде бағаланды. Осылайша, 1928 жылы басталған тәркілеу саясаты 1937–1938 жылдары жаппай саяси террорға ұласты (Figes, 2007: 39).

Кеңестік жүйе әлсірегеннен кейін ғана репрессия құрбандарын ақтау үдерісі басталды. 1956 жылдан бастап кейбір істер қайта қаралғанымен, байлардың бір бөлігі тек 1980–1990 жылдары ғана толық ақталды. Олардың ішінде Байғожин Нұрпейістің 1989 жылы, Байшығұлов Құлжабайдың 1989 жылы, Бейсенов Мұсаның 1999 жылы ақталуы – тарихи әділеттіліктің кеш болса да қалпына келгенін көрсетеді.

Алайда ақтау бай отбасыларының көрген әлеуметтік, моральдық және демографиялық шығындарын өтей алған жоқ. Бұл жағдай кеңестік тәркілеу және қуғын-сүргін саясатының ұзақ мерзімді салдарын айқын көрсетеді (М. Жұмабаев ат. АА. 59-қ., 1-т., 16-іс, 25 б.).

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 1928–1933 жылдары Булаев ауданында ауыл байларын тәркілеу және жер аудару кеңестік биліктің таптық саясаты аясында жүйелі түрде жүзеге асырылды. Бұл науқанның негізгі мақсаты дәстүрлі шаруашылық құрылымды күйрету, экономикалық жағынан ықпалды ауыл элитасын жою және ұжымдастыру үдерісін жеделдету болды.

Архивтік деректерге сүйенсек, Булаев ауданында бай және жартылай феодал деп танылған бірнеше ондаған шаруашылық тәркілеуге ұшыраған. Олардың мал-мүлкі мемлекет меншігіне алынып, жаңадан құрылған ұжымшарлар мен кедей шаруашылықтарға бөлініп берілді. Алайда бұл үдеріс формалды түрде «әлеуметтік әділеттілік» қағидатымен жүргізілгенімен, іс жүзінде жергілікті экономиканың әлсіреуіне әкелді. Өйткені тәркіленген шаруашылықтардың басым бөлігі ауыл шаруашылығын ұйымдастыруда тәжірибесі мол, еңбек ресурстарын тиімді пайдаланған құрылымдар болатын.

Тәркілеумен қатар, байлар мен олардың отбасы мүшелерін жер аудару саясаты да қатал сипат алды. Зерттеу барысында анықталғандай, Булаев ауданынан жер аударылған азаматтар негізінен Солтүстік өңірлерге, Сібір аймақтарына және Қазақстанның басқа шалғай аудандарына жіберілген. Бұл шара тек экономикалық емес, сонымен бірге әлеуметтік және демографиялық салдарға да алып келді. Жергілікті қауымдастықтардың ішкі байланысы бұзылып, ауылдардағы дәстүрлі әлеуметтік иерархия күйреді.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, тәркілеу науқаны кезінде жіберілген асыра сілтеушіліктер кең таралған құбылыс болды. Көп жағдайда орташа дәулетті шаруалар да байлар қатарына жатқызылып, жазықсыз жазаға тартылды. Бұл жағдай халық арасында наразылықтың күшеюіне, жасырын қарсылық түрлерінің пайда болуына себеп болды. Кейбір деректерде малды жасыру, басқа өңірлерге көшу, ұжымшарларға кіруден бас тарту сияқты әрекеттердің тіркелуі осының айқын дәлелі болып табылады (М. Жұмабаев ат. АА. 59-қ., 1-т., 17-іс, 5 б.).

Сонымен қатар, тәркілеу мен жер аудару саясаты Булаев ауданындағы демографиялық жағдайға елеулі әсер етті. Еңбекке қабілетті халықтың бір бөлігінің күштеп көшірілуі ауыл шаруашылығы өндірісінің төмендеуіне, ал бұл өз кезегінде 1930-жылдардың басындағы азық-түлік тапшылығының тереңдеуіне ықпал етті. Ұжымшарлардың алғашқы кезеңде тұрақты жұмыс істей алмауы да осы факторлармен тығыз байланысты болды.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Булаев ауданында жүргізілген тәркілеу және жер аудару саясатының күткен нәтижелерге толық қол жеткізбегенін көрсетеді. Кеңестік билік жоспарлағандай ауыл шаруашылығын тез арада социалистік жолға көшіру мүмкін болмады. Керісінше, бұл саясат әлеуметтік қақтығыстарды күшейтіп, экономикалық құлдырауға және халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуіне алып келді. Осы тұрғыдан алғанда, Булаев ауданындағы оқиғалар бүкіл Қазақстан аумағында жүргізілген күштеп ұжымдастыру саясатының жергілікті деңгейдегі нақты көрінісі ретінде бағалануы мүмкін.

Тәркілеу және жер аудару саясатының ең ауыр салдарының бірі – бай отбасыларының толықтай күйреуі болды. Архивтік деректерге сүйенсек, Первомай ауылы байларының басым бөлігінде кәмелет жасына толмаған балалар көп болған отбасылар. Ақылбеков Зағыпар, Ахметов Мәди, Байғожин Нұрпейіс, Данияров Нұрбай, Жүнісов Ақберген сияқты тұлғалардың отбасыларында 14 жасқа толмаған балалардың болуы қуғын-сүргіннің ең әлсіз топқа – балаларға да тікелей әсер еткенін көрсетеді.

Бай отбасыларының жер аударылуы немесе қашуға мәжбүр болуы олардың дәстүрлі тұрмыс-тіршілігін бұзды. Отбасы мүшелері әртүрлі аймақтарға тарыдай шашылып, әлеуметтік байланыстар үзілді. Көп жағдайда балалар білім алу мүмкіндігінен айырылып, еңбекке ерте араласуға мәжбүр болды. Бұл жағдай бай әулеттерінің әлеуметтік мәртебесінің бір ұрпақ ішінде түбегейлі төмендеуіне әкелді (М. Жұмабаев ат. АА. 59-қ., 1-т., 18-іс, 45 б.).

Қуғын-сүргін салдарынан байлардың едәуір бөлігі туған жерін тастап, басқа өңірлерге көшуге мәжбүр болды. Архивтік материалдарда Омбы облысы, Называй ауданы, Есілкөл ауданы сияқты аймақтарға қоныс аударған байлар туралы деректер жиі кездеседі. Ахметов Мәди мен оның туыстарының Омбы облысында ұзақ жылдар өмір сүруі, Жарғақов Аязбайдың Называй ауданына көшіп кетуі осы көші-қонның нақты мысалдары болып табылады.

Кейбір бай әулеттерінің ұрпақтары жаңа ортада бейімделіп, кеңестік жүйеде қызмет атқаруға мәжбүр болды. Мысалы, Ахметов Мәди ұлы Рахымжанның колхоз төрағасы болып сайлануы бай әулетінің өкілі кеңестік әлеуметтік құрылымға бейімделудің бір жолын

таңдағанын көрсетеді. Бұл құбылыс репрессиядан аман қалу үшін әлеуметтік мінез-құлықтың өзгергенін аңғартады.

Кеңестік қуғын-сүргін бай әулеттерінің жадында ұзақ уақытқа дейін қорқыныш пен үнсіздік қалыптастырды. Байлардың көпшілігі өздерінің әлеуметтік тегін жасыруға мәжбүр болды. Ұрпақтарына ата-бабаларының нақты тағдыры туралы айту қауіпті саналды. Бұл жағдай тарихи жадтың үзілуіне және ауызша тарихтың әлсіреуіне әкелді.

Сонымен қатар, байлар туралы қалыптасқан кеңестік стереотиптер («қанаушы», «халық жауы») олардың қоғамдағы бейнесін ұзақ уақыт бойы бұрмалап келді. Тек ХХ ғасырдың соңында ғана архивтердің ашылуы және ақтау үдерістерінің жүруі байлардың шынайы тарихи рөлін қайта бағалауға мүмкіндік берді (Тулепбаев, 1971: 56).

1956 жылдан кейін басталған, ал 1980–1990 жылдары кең көлем алған ақтау үдерісі бай әулеттері үшін моральдық тұрғыдан маңызды болды.

Тарихтағы жазықсыз жазаланған саяси қуғын-сүргін құрбандарының тағдыры бүгінде өзекті мәселе. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының жұмыс тобы 368 байдың есімін анықтады, осы тізімен ақталғандары тек 9 адам ғана (Из истории депортаций, 2012: 70).

Байғожин Нұрпейіс, Байшығұлов Құлжабай, Жакыпов Жармағамбай, Бейсенов Мұса сияқты тұлғалардың ресми түрде ақталуы кеңестік қуғын-сүргін саясатының заңсыз әрі әділетсіз болғанын дәлелдеді (Толеген, 2025: 3).

Алайда ақтау репрессия салдарынан келген әлеуметтік, демографиялық және мәдени шығындарды толығымен өтей алмады. Байлардың мал-мүлкі, шаруашылық құрылымы, дәстүрлі әлеуметтік беделі қайтарылған жоқ (Viola, 2007: 16). Бұл жағдай тарихи әділеттіліктің тек құқықтық емес, әлеуметтік тұрғыдан да күрделі мәселе екенін көрсетеді.

Қортынды

ХХ ғасырдың 20–30 жылдарында Солтүстік Қазақстан өңірінде жүргізілген тәркілеу және қуғын-сүргін саясаты қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік-экономикалық құрылымын түбегейлі бұзды. Кеңестік биліктің байларды тап ретінде жоюға бағытталған іс-шаралары ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық жүйені күйретіп, ауылдық қауымдастықтағы әлеуметтік тепе-теңдіктің жойылуына әкелді. Булаев ауданы, Первомай ауылы байларының тағдыры осы үдерістің аймақтық деңгейдегі нақты әрі айқын көрінісі болып табылады.

Зерттеу барысында пайдаланылған архивтік деректер байлардың тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар саяси және әлеуметтік себептермен де қудаланғанын дәлелдейді. Мал-мүлкін тәркілеу, сайлау құқығынан айыру, күшейтілген салық салу, жер аудару, арнайы лагерлерге, соның ішінде Александровкадағы коменданттық лагерьге жіберу және ату жазасы кеңестік репрессиялық жүйенің негізгі құралдарына айналды. Архивтегі құжаттар бойынша, Александровка лагерінде байлар қатаң еңбек тәртібі мен қатаң бақылауға бағынуға мәжбүр болды; олардың отбасы мүшелері де еңбекке тартылып, балаларға арналған қызметтер арнайы ұйымдастырылды. Бұл шаралар байларды экономикалық негізінен айырып қана қоймай, оларды қоғамнан толық оқшаулауға, қоғамдық беделін жоюға және әлеуметтік жойылуға ұшыратуға бағытталды.

Аталған саясаттың салдары бай әулеттерінің толық күйреуіне, отбасы институтының әлсіреуіне, ұрпақ сабақтастығының үзілуіне және тарихи жадтың жойылуына алып келді. Қуғын-сүргінге ұшыраған бай отбасыларының көпшілігі туған жерінен күштеп көшіріліп, ауыр әлеуметтік жағдайларда өмір сүруге мәжбүр болды. Бұл үдеріс қазақ халқының дәстүрлі қоныстану жүйесіне, демографиялық ахуалына және мәдени-рухани тұтастығына елеулі соққы жасады.

Сонымен қатар, ХХ ғасырдың соңында жүзеге асқан ақтау үдерісі кеңестік тәркілеу және қуғын-сүргін саясатына жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік берді. Репрессия құрбандарының ресми түрде ақталуы бұл саясаттың заңсыз әрі әділетсіз болғанын дәлелдеп, тарихи

әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы маңызды қадамға айналды. Алайда ақтау бай әулеттерінің көрген материалдық, әлеуметтік және моральдық шығындарын толық өтей алмады.

Байларды тап ретінде жою әрекеті қазақ халқының экономикалық әлеуетін әлсіретіп, ауылдық қоғамның табиғи даму үдерісін тежеген факторлардың бірі болғанын көрсетеді. Бұл саясат дәстүрлі шаруашылық тәжірибесінің үзілуіне, әлеуметтік бастамашыл топтардың жойылуына және ауыл өмірінің ұзақ мерзімді дағдарысына себеп болды.

Қорытындылай келе, Солтүстік Қазақстан өңіріндегі байлардың тағдыры – жалпыұлттық қуғын-сүргін тарихының ажырамас әрі маңызды бөлігі. Бұл тақырыпты зерттеу тек өткенді тану үшін ғана емес, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру, қоғамдық жадты жаңғырту және болашақ ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру тұрғысынан да аса өзекті болып табылады.

Sources

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK)
 NKSA — North Kazakhstan State Archive
 M. Zhumabayev DA — M. Zhumabayev District Archive
 DPNKR — Department of Police of North Kazakhstan Region

Дереккөз

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві
 СҚМА — Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві
 М. Жұмабаев атындағы АА — М. Жұмабаев атындағы аудандық архиві
 СҚО ДП — Солтүстік Қазақстан облысының Департамент полициясы

References

- Aqtalğan esimler, 2008 — *Aqtalğan esimler: (Saiashı qúǵyn-súrgin qurbandary turaly derektershı men estelikter) [Exonerated Names: (Data and Memories of Victims of Political Repression)]*. Petropavl: Soltústik Qazaqstan, 2008. 463 p. (In Kaz).
- Conquest, 1986 — *Conquest R. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivisation and the Terror-Famine*. New York: Oxford University Press, 1986. 250 p.
- Figes, 2007 — *Figes O. The Whisperers: Private Life in Stalin's Russia*. 2007. Paperback, 740 p.
- Jumataı, 2025 — *Jumataı S. Baidyń kóz jasy – eldiń qaǵysy (jalǵasy) [The tears of the rich are the sorrow of the nation (continued)] // Eńbekshilder jarshysy, 2025. No. 59 (9921). 4 p. (In Kaz).*
- Jumataı, 2025 — *Jumataı S. Tarih taǵylymy men urpaq jadynda qalýǵa tis taǵdyrlar [The lessons of history and the fates that should be remembered by generations] // Maǵjan juldyzy, 2025. No. 21 (872). 6 p. (In Kaz).*
- Iz istorii deportatsiy, 2012 — *Iz istorii deportatsiy. Kazakhstan 1930–1935 gg.: sbornik dokumentov [History of deportation]. Kazakhstan 1930-1935: collection of documents. Almaty: LEM, 2012. 769 p. (In Russ.).*
- Istoriya Kazakhstana, 1991 — *Istoriya Kazakhstana: belye pyatna. Sbornik statey [History of Kazakhstan: Blank Spots. A Collection of Articles]. Alma-Ata: Kazakhstan, 1991. 348 p. (In Russ.).*
- Kozybaev, et al., 1992 — *Kozybaev M., Abilkhozhin Zh., Aldazhumanov K. Kollektivizatsiya v Kazakhstane: tragediya krestyanstva [Collectivization in Kazakhstan: The Tragedy of the Peasantry]. Alma-Ata, 1992. 35 p. (In Russ.).*
- Conquest, 1990 — *Conquest R. Bol'shoy terror. Kn. 1. [The Great Terror. Book 1.]* Transl. From Eng. By L. Vladimirova. Riga: Rakstnieks, 1991. 416 p. Pp. 195–196. (In Russ.).
- Qazaqstan tarihy, 1993 — *Qazaqstan tarihy köne zamannan büginge deyin. Ocherk [History of Kazakhstan from ancient times to the present day. Essay]. Almaty: Däuir, 1993. 416 p. (In Kaz).*
- Qazaqstandaǵy asharsylyq, 2021 — *Qazaqstandaǵy asharsylyq. 1921–1923: sbornik dokumentov i materialov [Famine in Kazakhstan. 1921-1923: collection of documents and materials] / Comp. by: S.K. Shildebay, Z.M. Tolenova, G.M. Karataeva, R.E. Orazov, B.N. Orynbasar. Almaty: Almaty-Bolashaq, 2021. 651 p. (In Kaz).*
- Qozybaev, 1992 — *Qozybaev M. Aqtandaqtar aqıqatı. Oqu quraly [The truth about whiteflies. Textbook]. Almaty: Qazaq universiteti, 1992. 272 b. (In Kaz).*
- Memlekettik komissiyaniń materialdary, 2023 — *Sayasi quǵın-súrgin qurbandaryn tolyq aqtau jönindegi Memlekettik komissiyaniń materialdary: XX ǵasyrdıń 20–50 jıldary. T. 34. Türkistan öñirinen aua köşkenderdiń taǵdyry: arhivtik qújattar men estelikter jınaǵı [Materials of the State Commission for the Full Compensation of Victims of Political Repression: 1920s–1950s. Vol. 34. The Fate of Emigrants from the Turkestan Region: A Collection of Archival Documents and Memoirs]. Comp. by: H. Tursun, A. Sandybaeva, Z. Adilbekova, A. Qabyı, P. Orazhan. Astana: Litera-M, 2023. 328 p. (In Kaz).*
- Nürpeisov, 1995 — *Nürpeisov K. Alash häm Alashorda [In Alash and Alashor]. Almaty: Atatek, 1995. 256 p. (In Kaz).*

Omarbekov, 1994 — *Omarbekov T. Zobalañ [Zobalang]*. Almaty, 1994. 272 p. (In Kaz).

Panto, 2025 — *Panto D., Kalybekova M. Nasil'stvennaya deportatsiya narodov kak instrument natsional'noy politiki SSSR: polyaki Kazakhstana [Forcible deportation of peoples as an instrument of national policy of the USSR: Poles of Kazakhstan]* // Asian Journal «Steppe Panoram». 2025. 10(3), 453–463 pp. (In Russ.).

Tátimov, t.b., 1999 — *Tátimov M., Áliev J. Derbestigimiz – demografiada [Our independence lies in demography]* // Almaty: Jeti jarǵy, 1999. 263 p. (In Kaz).

Tolegen, 2025 — *Tolegen N. Baidyñ kóz jasy – eldiñ qaiǵysy [The tears of the rich are the sorrow of the nation]* // Niva, 2025. No. 30 (2692). 7 p. (In Kaz).

Tólepbaev, 1971 — *Tólepbaev B. Torzhestvo leninskih idej socialisticheskoy transformacii sel'skogo hozjajstva v Central'noj Azii i Kazahstane [Celebration of Lenin's ideas of socialist transformation of agriculture in Central Asia and Kazakhstan]*. Moscow: Nauka, 1971. 480 p. (In Russ.).

Viola, 2007 — *Viola L. The Unknown Gulag: The Lost World of Stalin's Special Settlements*. New York: Oxford University Press, 2007. 278 p.

Әдебиеттер тізімі

Ақталған есімдер, 2008 — *Ақталған есімдер: (Саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы деректер мен естеліктер)*. Петропавл: Северный Казахстан, 2008. 463 б.

Жұматай, 2025 — *Жұматай С. Байдың көз жасы – елдің қайғысы (жалғасы) // Еңбекшілдер жаршысы*, 2025. №59 (9921). 4 б.

Жұматай, 2025 — *Жұматай С. Тарих тағылымы мен ұрпақ жадында қалуға тиіс тағдырлар // Мағжан жұлдызы*. 2025. № 21 (872). 6 б.

Из истории депортаций, 2012 — *Из истории депортаций*. Казахстан 1930-1935 гг.: сборник документов. Алматы: LEM, 2012. 769 с.

История Казахстана, 1991 — *История Казахстана: белые пятна*. Сборник статей. Алма-Ата: Казахстан, 1991. 348 с.

Козыбаев, др., 1992 — *Козыбаев М., Абилхожин Ж., Алдажуманов К. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства*. Алма-Ата, 1992. 35 с.

Конквест, 1990 — *Конквест Р. Большой террор*. Кн. 1. Пер. с англ. Л. Владимировой. Рига: Ракстниекс, 1991. 416 с. С. 195–196.

Қазақстан тарихы, 1993 — *Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін*. Очерк. Алматы: Дәуір, 1993. 416 б.

Қазақстандағы ашаршылық, 2021 — *Қазақстандағы ашаршылық. 1921-1923: сборник документов и материалов / Сост.: С.К. Шилдебай, З.М. Толенова, Г.М. Каратаева, Р.Е. Оразов, Б.Н. Орынбасар*. Алматы: Алматы-Болашақ, 2021. 651 с.

Қозыбаев, 1992 — *Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. Оқу құралы*. Алматы: Қазақ университеті, 1992. 272 б.

Мемлекеттік комиссияның материалдары, 2023 — *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары: XX ғасырдың 20–50 жылдары*. Т. 34. Түркістан өңірінен ауа көшкендердің тағдыры: архивтік құжаттар мен естеліктер жинағы. Құраст.: Х. Түрсұн, А. Сандыбаева, З. Адилбекова, А. Қабыл, П. Оразхан. Астана: Литера-М, 2023. 328 б.

Нұрпейсов, 1995 — *Нұрпейсов К. Алаш һәм Алашорда*. Алматы: Ататек, 1995. 256 б.

Омарбеков, 1994 — *Омарбеков Т. Зобалаң*. Алматы, 1994. 272 с.

Панто, 2025 — *Панто Д., Калыбекова М. Насильственная депортация народов как инструмент национальной политики СССР: поляки Казахстана // Asian Journal «Steppe Panorama»*. 2025. № 10(3), 453–463 бб.

Тәтімөв, т.б., 1999 — *Тәтімөв М., Әлиев Ж. Дербестігіміз – демографияда*. Алматы: Жеті жарғы, 1999. 263 б.

Толеген, 2025 — *Толеген Н. Байдың көз жасы – елдің қайғысы // Нива*, 2025. №30 (2692). 7 б.

Тулепбаев, 1971 — *Тулепбаев Б. Торжество ленинских идей социалистической трансформации сельского хозяйства в Центральной Азии и Казахстане*. Москва: Наука, 1971. 480 б.

Conquest, 1986 — *Conquest R. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivisation and the Terror-Famine*. New-York: Oxford University Press, 1986. 250 p.

Figes, 2007 — *Figes O. The Whisperers: Private Life in Stalin's Russia*. 2007. Paperback, 740 p.

Viola, 2007 — *Viola L. The Unknown Gulag: The Lost World of Stalin's Special Settlements*. New York: Oxford University Press, 2007. 278 p.

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Abdimomynov N.T., Ospanova A.O., Djumashev A. FROM IDEOLOGY TO EMPIRICAL SYNTHESIS: THE EVOLUTION OF THE SOVIET RUSSIAN HISTORIOGRAPHY ON THE POLITICAL ECONOMY OF THE GOLDEN HORDE)	7
Kalfa M., Kozhakhan Zh., Beysegulova A. THE HISTORY OF RESEARCH ON THE LEATHER-PROCESSING CRAFT OF THE KAZAKH PEOPLE.....	23
Temirkhanov B., Mutaliyev M., Karakulak M. THE IMAGE OF KHOJA AHMET YASSAWI IN THE “KAZAKH” NEWSPAPER.....	36

HISTORY

Aldazhumanov K.S., Sandybayeva D.M., Abuov N.A. KAZAKHSTANIS IN CAPTIVITY, THE PARTISAN MOVEMENT, AND THE EUROPEAN RESISTANCE.....	46
Barin E., Satayeva B. THE CONSTRUCTIVE ROLE OF CULTURE AND LANGUAGE IN HISTORICAL DISCOURSE.....	62
Bulanov E., Tumabayev T., Safarov R. THE BASMACHI MOVEMENT IN CENTRAL ASIA: HISTORICAL ORIGINS AND REGIONAL PECULIARITIES.....	79
Zholdassuly T., Madelkhanova M. THE “KOSHCHI” UNION AND ITS ACTIVITIES IN THE KYZYLORDA REGION: A STUDY BASED ON ARCHIVAL MATERIALS (1920–1929).....	95
Kasymbekova M.A., Vecihi S.F.H. SOCIAL PREREQUISITES FOR THE EMERGENCE AND DEVELOPMENT OF SUFI ORDERS IN CENTRAL ASIA.....	111
Kokebayeva G.K., Bissembaiuly M. FORCED MIGRATION AND ETHNIC POLICY IN WESTERN BELARUS AND WESTERN UKRAINE IN THE 1940s.....	125
Kuanbay O.B., Apendiyev T.A., Ushkurbayeva A.E. DEMOGRAPHIC DYNAMICS OF TAJIKISTAN: FERTILITY, MORTALITY, TRENDS AND FORECASTS (1990–2023).....	139
Malikova S.Z., Tashagil A., Issakayeva A.M. AUL BAIS: THE POLICY OF CONFISCATION AND DEPORTATION CONDUCTED IN THE BULAEV DISTRICT.....	155
Muhametkhanuli N., Kurbanali Zh. POLITICAL RELATIONS BETWEEN THE HAN DYNASTY AND THE XIONGNU AND THEIR INFLUENCE ON NOMADIC CIVILIZATION.....	169
Mukhatova O.Kh., Seffat D. KAZAKH – RUSSIAN DIPLOMATIC RELATIONS OF THE LATE 17TH – EARLY 18TH CENTURIES	182
Myrzabekova R., Zhakupova G., Rakhmonkulova Z. FORCED LABOR SYSTEM IN THE TERRITORY OF THE KAZAKH SSR ON THE EXAMPLE OF JAPANESE PRISONERS OF WAR (1946–1956).....	195
Nurpeissova E., Baydaly R., Abil Ye. SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF ELDES OMAROV DURING THE YEARS OF CIVIL CONFRONTATION (1917–1919).....	211
Sarsembayeva G.A., Zhailaubayeva A.N., Ualtayeva A. SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES IN THE CITIES OF EAST KAZAKHSTAN IN THE 90s OF THE XXth CENTURY (BASED ON THE EXAMPLE OF UST-KAMENOGORSK AND SEMIPALATINSK).....	225
Sissenbayeva A., Kalybekova M.Ch., Abuov N.A. KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN NAZI CONCENTRATION CAMPS DURING THE SECOND WORLD WAR: POSSIBILITIES FOR RECONSTRUCTING INDIVIDUAL FATES ON THE BASIS OF ARCHIVAL CARD FILES.....	241
Teleuova E.T., Zhumadil A.K. THE FORMATION PATTERNS OF A HYBRID LEGAL MODEL IN THE 19TH CENTURY KAZAKH STEPPE.....	256

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Assylbekova N., Kistaubayeva A., Dospanov O. KAZAKH ETHNOGRAPHIC COLLECTIONS OF THE KUNSTKAMERA: A MUSEOLOGICAL ANALYSIS.....	270
Musabayev K., Sizdikov B., Maldybek A. THE LOCALIZATION OF THE MEDIEVAL CITY OF SURI: BASED ON WRITTEN AND ARCHAEOLOGICAL SOURCES.....	282

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М. ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДОГМАЛАРДАН ЭМПИРИКАЛЫҚ СИНТЕЗГЕ: АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ЭКОНОМИЯСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ.....	7
Калфа М., Қожахан Ж., Бейсеғұлова А. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТЕРІ ӨНДЕУ КӘСІБІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	23
Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ БЕЙНЕСІНІҢ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ.....	36

ТАРИХ

Алдажұманов Қ.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А. ТҮТҚЫНҒА ТҮСКЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР, ПАРТИЗАН ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ҚОЗҒАЛЫСЫ.....	46
Барын Е., Сатаева Б. ТАРИХИ ДИСКУРСТАҒЫ МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛДІҢ КОНСТРУКТИВТІК ҚЫЗМЕТІ.....	62
Бұланов Е.О., Тұмабаев Т.С., Сафаров Р.И. ОРТА АЗИЯДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ: ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ МЕН АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	79
Жолдасұлы Т., Маделханова М. «ҚОСШЫ» ОДАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ: АРХИВТІК МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ (1920–1929 жж.).....	95
Касымбекова М.Ә., Вежихи С.Ф.Х. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА СОПЫЛЫҚ ТАРИҚАТТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫ.....	111
Көкебаева Г.К., Бисембайұлы М. 1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАТЫС БЕЛАРУСЬ ПЕН БАТЫС УКРАИНАДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ САЯСАТ.....	125
Қуанбай О.Б., Әпендиев Т.Ә., Ушқурбаева А.Е. ТӘЖІКСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДИНАМИКАСЫ: ТУЫЛУ МЕН ӨЛІМ-ЖІТІМ КӨРСЕТКІШІ, ТЕНДЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР (1990–2023).....	139
Маликова С.З., Ташағыл А., Исакаева А.М. АУЫЛ БАЙЛАРЫ: БУЛАЕВ АУДАНЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ЖЕР АУДАРУ САЯСАТЫ.....	155
Мұқаметханұлы Н., Құрбанәлі Ж. ХАНЬ ДИНАСТИЯСЫ МЕН ҒҰНДАРДЫҢ САЯСИ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ.....	169
Мұхатова О.Х., Сеффат Д. XVII Ғ. СОҢЫ – XVIII Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ.....	182
Мырзабекова Р., Жақупова Г., Байхоразова З. ҚАЗАҚ КСР ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕК ЖҮЙЕСІ ЖАПОН СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫ МЫСАЛЫНДА (1946–1956).....	195
Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Әбіл Е.А. ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (1917–1919 жж.).....	211
Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С. XX ҒАСЫРДЫҢ 90–Ы ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК–ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР (ӨСКЕМЕН МЕН СЕМЕЙ МЫСАЛЫНДА).....	225
Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КОНЦЛАГЕРЬЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР: АРХИВТІК КАРТОТЕКАЛАР НЕГІЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЛАРЫН ҚАЙТА ҚАРАУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....	241
Телеуова Э.Т., Жұмаділ А.Қ. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ГИБРИДТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҮЛГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ.....	256

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О. КУНСТКАМЕРАДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫ: МУЗЕЙТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....	270
Мұсабаев Қ., Сиздиқов Б., Малдыбек А. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СУРИ ҚАЛАСЫНЫҢ ЛОКАЛИЗАЦИЯСЫ: ЖАЗБА ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ.....	282

СОДЕРЖАНИЕ ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М. «ОТ ИДЕОЛОГИЧЕСКИХ ДОГМ К ЭМПИРИЧЕСКОМУ СИНТЕЗУ: ЭВОЛЮЦИЯ СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ПОЛИТЭКОНОМИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ».....	7
Калфа М., Кожахан Ж., Бейсегулова А. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ КОЖЕВЕННОГО ремесла КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	23
Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М. ОБРАЗ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ В ГАЗЕТЕ «КАЗАХ».....	36

ИСТОРИЯ

Алдажуманов К.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А. КАЗАХСТАНЦЫ В ПЛЕНУ, ПАРТИЗАНСКОМ ДВИЖЕНИИ И ЕВРОПЕЙСКОМ СОПРОТИВЛЕНИИ.....	46
Барын Е., Сагаева Б. КУЛЬТУРА И ЯЗЫК КАК КОНСТРУКТИВНЫЕ ФАКТОРЫ ИСТОРИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....	62
Буланов Е.О., Тумабаев Т.С., Сафаров Р.И. БАСМАЧЕСКОЕ ДВИЖЕНИЕ В СРЕДНЕЙ АЗИИ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОКИ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ.....	79
Жолдасулы Т., Маделханова М. СОЮЗ «КОШЧИ» И ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КЫЗЫЛОРДИНСКОМ РЕГИОНЕ: ИССЛЕДОВАНИЕ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ (1920–1929 гг.).....	95
Касимбекова М.А., Вежихи С.Ф.Х. СОЦИАЛЬНЫЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И РАЗВИТИЯ СУФИЙСКИХ ОРДЕНОВ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	111
Кокебаева Г.К., Бисембайулы М. ВЫНУЖДЕННАЯ МИГРАЦИЯ И ЭТНИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА В ЗАПАДНОЙ БЕЛАРУСИ И ЗАПАДНОЙ УКРАИНЕ В 1940-х ГОДАХ.....	125
Куанбай О.Б., Апендиев Т.А., Ушкурбаева А.Е. ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ ДИНАМИКА ТАДЖИКИСТАНА: РОЖДАЕМОСТЬ, СМЕРТНОСТЬ, ТЕНДЕНЦИИ И ПРОГНОЗЫ (1990–2023 ГГ.).....	139
Маликова С.З., Ташагыл А., Исакаева А.М. АУЛЬНЫЕ БАИ: ПОЛИТИКА КОНФИСКАЦИИ И ВЫСЕЛЕНИЕ ПРОВЕДЕННАЯ В БУЛАЕВСКОМ РАЙОНЕ.....	155
Мукаметханулы Н., Курбанали Ж. ПОЛИТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ДИНАСТИИ ХАНЬ И ХУННУ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ЦИВИЛИЗАЦИЮ КОЧЕВНИКОВ.....	169
Мухатова О.Х., Сеффат Д. КАЗАХСКО – РУССКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ КОНЦА XVII – НАЧАЛА XVIII ВВ.....	182
Мырзабекова Р., Жакупова Г., Рахмонкулова З. СИСТЕМА ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ТРУДА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОЙ ССР НА ПРИМЕРЕ ЯПОНСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ (1946–1956 гг.).....	195
Нурпенсова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Абиля Е.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА В ГОДЫ ГРАЖДАНСКОГО ПРОТИВОСТОЯНИЯ (1917–1919 гг.).....	211
Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С. СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ГОРОДАХ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В 90-е ГОДЫ XX ВЕКА (НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА И СЕМИПАЛАТИНСКА).....	225
Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А. ВОЕННОПЛЕННЫЕ-КАЗАХСТАНЦЫ В КОНЦЛАГЕРЯХ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ВОЗМОЖНОСТИ РЕКОНСТРУКЦИИ СУДЕБ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ КАРТОТЕК.....	241
Телеуова Э.Т., Жумадил А.К. ЗАКОНОМЕРНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГИБРИДНОЙ ПРАВОВОЙ МОДЕЛИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В XIX ВЕКЕ.....	256

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О. КАЗАХСКИЕ ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ КОЛЛЕКЦИИ КУНСТКАМЕРЫ: МУЗЕЕВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	270
Мусабаев К., Сиздиков Б., Малдыбек А. ЛОКАЛИЗАЦИЯ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДА СУРИ: НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ И АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ СВИДЕТЕЛЬСТВ.....	282

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2026. 13 (1)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Копеева С.Ж.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй